



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**TÜIE мен BALQASH ALABUĞASY коллекциялық монеталарының сатуға шығарылатыны туралы**

Астана қ.

2024 жыл, 1 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) **2024 жылғы 5 ақпаннан бастап** ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясынан – TÜIE және «Қазақстанның флорасы мен фаунасы» сериясынан – BALQASH ALABUĞASY коллекциялық монеталарының сатуға шығарылатынын хабарлайды.

Сатуға мына коллекциялық монеталар шығарылады:

- **TÜIE** монетасы күмістен жасалған. Сынамасы – 925, бетінде диаметрі 1 мм гауһар тасы бар. Монетаның массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 500 теңгелік, таралымы – 5 000 дана;

### Күміс монетаның бейнесі



- МН 25 мельхиор қоспасынан дайындалған **TÜIE** монетасының массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – proof-like, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 10 000 дана;

### Proof-like сапасымен мельхиордан жасалған монетаның бейнесі



- МН 25 мельхиор қоспасынан тұратын **TÚIE** монетасының массасы – 11,17 грамм, диаметрі – 31 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 30 000 дана;

### Brilliant uncirculated сапасымен мельхиордан жасалған монетаның бейнесі



- МН 25 мельхиор қоспасынан дайындалған **BALQASH ALABUĞASY** монетасының массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – proof-like, номиналы – 200 теңгелік, таралымы – 20 000 дана.

### Монетаның бейнесі



Қосымша айта кетейік, **номиналы 5 000 теңгелік TÚIE** және **номиналы 1000 теңгелік BALQASH ALABUĞASY** коллекциялық күміс монеталары сатуға кейін шығарылады. Клиент ол монеталарды кассадан өзі алып кете алады. Бұл монеталардың сатуға қашан шығарылатыны ҚҰБ сайтында қосымша хабарланады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)